

## Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP19676962 «Қарашық өңірінің ежелгі және ортағасырлық қалалары».
Жоба өзектілігі	Қарашық өңірінде кешенді археологиялық және пәнаралық зерттеулер жүргізіп, ежелгі және ортағасырлық қалалар мен елді мекендерді толық есепке алу, тарихи ландшафттың археологиялық картасын жасау, топографиялық құрылымы әркелкі ескерткіштерде қазба жүргізіп олардың пайда болған уақытын, даму кезеңдерін, шаруашылығын, заттай және рухани мәдениеттерін зерттеу үшін пәнаралық зерттеулер жүргізудің ғылыми маңызы жоғары.
Жоба мақсаты	Жобаның мақсаты осы Қарашық өңірінде археологиялық зерттеулер жүргізіп ортағасырлық мекендер мен қалаларды есепке алып, оларда кешенді пәнаралық зерттеулер жүргізу. Өңірдегі урбанизациялық процестің басталуы, қалалар мен мекендердің қалыптасқан уақытын, даму кезеңдерін анықтау. Қорғаныс, суландыру жүйелерін, шаруашылығын, заттай мәдениетін, қалааралық байланыстарын зерттеу, өңір арқылы өткен керуен жолдардың бағыттарын анықтау.
Жоба міндеттері	<p>Қарашық өңіріндегі урбанизациялық процестің басталған кезін, ежелгі, ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің қалыптасқан уақытын, даму кезеңдерін, шаруашылығын, заттай мәдениетін, қалалық және қалааралық байланыстарын зерттеу, өңір арқылы өткен керуен жолдардың бағыттарын анықтау үшін келесі міндеттер қойылады:</p> <p>Архивтік-библиографиялық жұмыстар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қарашық өңіріне қатысты архивтік материалдар мен библиографиялық еңбектерді жинастыру;</li> <li>- өңірдегі қалалар туралы шетелдік саяхатшылардың жазбалары бойынша деректер топтамасын жасау;</li> <li>- өңірде жүргізілген археологиялық зерттеулердің ғылыми есептерін жинап, ежелгі, ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің, жүргізілген қазбалардың сызбаларының көшірмесін түсіру;</li> <li>- өңірде әр жылдарда жүргізілген археологиялық барлаулардың бағыты көкестілген карталардың көшірмесін түсіру;</li> <li>- өңірдегі жер-суға, ортағасырлық қалалар мен елді мекендерге қатысты аңыздарды сұрастырып, жазып алу;</li> <li>- музейлердегі өңірде жүргізілген қазбалардан табылған заттардың сызбаларын, суреттерін жинау.</li> </ul> <p>Далалық зерттеу жұмыстары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қарашық өңірінде археологиялық барлау жүргізіп, ғылымға белгілі ескерткіштердің қазіргі экологиялық жағдайын анықтап, жаңа ескерткіштер кездесе олардың инструменттік жобасын түсіріп, сипаттап жазу;</li> <li>- ғарыштық сурет, ұшу аппаратты түсірілген суреттер бойынша жаңа ескерткіштерді тауып, олардың инструменттік жобасын түсіріп, сипаттамаларын беру;</li> <li>- ғылымға белгілі және жаңа ашылған қалалар мен елді мекендердің қалыптасқан уақытын, даму кезеңдерін анықтау үшін кесік, стратиграфиялық қазба, кең көлемді қазба жүргізу;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тарихи-топографиялық құрылымы бір үлгідегі қалалар мен елді мекендердің ерекшелігін анықтау үшін сол үлгідегі бір ескерткіште қазба жүргізу;</li> <li>- Қарашық өңірінде археологиялық зерттеулер жүргізу кезінде жеке адамдардың қолындағы қалалардан табылған заттар болса, оларды суретке түсіріп, ғылыми сипаттамаларын жазып алу;</li> <li>- ескерткіштерде жүргізілген қазбалардан ортағасырлар кезіндегі Қарашық өңірі тұрғындарының шаруашылығын, материалдық және рухани мәдениетін анықтайтын материалдарды алу;</li> <li>- қазбалардан пәнаралық зерттеулерге қажетті үлгілер алу;</li> <li>- далалық зерттеу барысы мен ескерткішті қорғау мәселелеріне арналған далалық семинар өткізу.</li> </ul> <p>Зертханалық жұмыстар: бұл бағыт археологиялық зерттеулер кезінде табылған заттарға пәнаралық зерттеулер жүргізуге негізделген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- органикалық қалдықтар бойынша радиокөміртекті зерттеулер жүргізу;</li> <li>- топырақ үйінділілері бойынша археоботаникалық зерттеулер жүргізу;</li> <li>- еңбек, шаруашылық т.б. құралдарға трасологиялық зерттеулер жүргізу;</li> <li>- мал сүйектері бойынша археозоологиялық зерттеулер жүргізу;</li> <li>- керамикалардың құрамын анықтау бойынша талдаулар жүргізу.</li> </ul> <p>4) Кеңселік жұмыстар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қарашық өңіріндегі ғылымға белгілі және жүргізілген далалық жұмыстар кезінде ашылған қалалар мен елді мекендерді шартты белгілер бойынша өңірдің картасына отырғызу;</li> <li>- өңір арқылы өткен керуен жолдардың картасын даярлау;</li> <li>- жүргізілген барлау, қазба жұмыстары кезінде алынған кешенді деректердің негізінде өңірдегі қалалық мәдениеттің қалыптасу, даму және тоқырау үдерісі бойынша ғылыми тұжырымдар жасау;</li> <li>- қазбалардан алынған заттай деректер бойынша қалалардың әр кезеңдегі құрылыстарының ерекшеліктерін анықтау, рухани мәдениетін зерттеу;</li> <li>- ғарыштан, ұшқышсыз ұшу аппараттарымен түсірілген суреттер, жүргізілген зерттеулер кезінде түсірілген суреттер, сызбалар бойынша жеке ескерткіштің және өңірдегі ескерткіштердің электронды деректер базасын жасақтау;</li> <li>- жоба нәтижелері бойынша отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалар жариялау.</li> </ul>
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	<p>Жобаның стратегиялық мақсатына сәйкес Түркістан облысы және Қарашық шағын тарихи ландшафтты аумағындағы ортағасырлық қала мәдениетіне қатысты ғылыми деректер жиналады. Өңірдегі ортағасырлық қала тұрғындардың тұрмысы мен шаруашылығы жайлы құнды мәліметтер алынады. Өңірдегі қалалардың пайда болу, даму және құлдырау үрдістерін анықтау мақсатында археологиялық зерттеулер жасалады. Нәтижесінде</p>

	<p>қалалардың тарихи-мәдени қызметі, құрылыстары туралы тың деректерге қол жетеді.</p> <p>Ортағасырлардағы Қарашық пен оған іргілес аудандардағы шаруашылық-экономикалық ахуал, әлеуметтік құрылым мен рухани мәдениет, урбанизация мен қалалық мәдениет бойынша теориялық тұжырымдар жасалады.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<p>1. Елеуов Мадияр, Профессор, - h-index: 1; Web of Science Researcher ID: AAE-5880-2020; Scopus ID: 55963359900.  <a href="https://orcid.org/0000-0002-6459-8019">https://orcid.org/0000-0002-6459-8019</a></p> <p>2. Талеев Дөкей, т.ғ.к. <a href="https://orcid.org/0000-0002-1694-3762">https://orcid.org/0000-0002-1694-3762</a></p> <p>3. Есен Сырым Ғадылбекұлы, <a href="https://orcid.org/0000-0002-2773-3920">https://orcid.org/0000-0002-2773-3920</a></p> <p>4. Байбугунов Бейбит, PhD, ORCID ID: 0000-0003-1437-1251</p> <p>5. Құрманязов Ыслам, <a href="https://orcid.org/0000-0001-8737-2218">https://orcid.org/0000-0001-8737-2218</a></p> <p>6. Молдахмет Архад, <a href="https://orcid.org/0000-0002-9817-6412">https://orcid.org/0000-0002-9817-6412</a></p>
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	
<p>Патент туралы ақпарат</p>	-